

ЖШС «Әсем»бөбекжай балабақшасы
№1 хаттамасы

05.09.2022 жыл

Қазығұрт ауылы

Ата – аналар жиналысы

Қатысқандар:14

Қатыспағандар:11

Тақырыбы:Жаңа оқу жылындағы өзгерістер.

Мақсаты:Ата-аналармен танысып,ата-анамен балабақша арасында тығыз байланысты орнату.

Күн тәртібінде

1. Жаңа оқу жылының мақсат міндеттерімен танысу

Оқу тәрбие жөніндегі
орынбасары: Сулейменова А.

2.Топпен танысу, ата-аналармен танысу.

Тәрбиеші: Тоғызбаева Ж.

3.Денсаулық ережелермен таныстыру.

Балабақша дәрігері:Әбдіқадір Н

4. Ата-ана комитетінің төрайымы мен көмекшілерін сайлау

Тәрбиеші: Ширынханова Г.

1) Тыңдалды:Балабақша әдіскері:Сулейменова А. Құрметті ата –аналар! 2022-2023 оқу жылының басталуымен сіздерді құттықтаймын. Осы оқу жылында жоспарланған іс-шаралар көп. Бұл іс-шаралар балалар үшін өте маңызды. Сонымен қатар сіздер мен балабақша арасында жақсы қарым-қатынас орнауына да себепші болады. Оқу жылына балабақша толығымен дайын және карантиндік талаптар сақталады. Оқу құралдары, төсек жабдық жаңа, ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар еліміздегі жағдайларға байланысты топтағы балалар арасындағы арақашықтық бақыланады.

Шешім: Әр топтағы бала саны 25 баладан аспайды. Әр баланың денсаулығы үшін санитарлық-гигиеналық, тазалық шаралары әр топта сақталады. Оқу жылына әр бала қажетті оқу құралдарымен толықтай қамтылады.

Тыңдалды: Тәрбиеші:Тоғызбаева Ж.

Жаз айларының қорытындысы: Сәлеметсіздер ме, ата – аналар! Жаз айларында балабақшамызда апталықтар болып өтті. Біздің балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты балалар «Көңілді ойындар», «Гүлдер әлемі», «Кішкентай аспазшылар!» атты апталықтарға қатысты. Балалар көңіл көтеріп, би билеп, әр түрлі суреттер салып, түрлі тәттілер дайындады. Апталықтар балаларға қызықты өтті. (Видео,слайд арқылы толық айтып өтті). Ата-аналар бір-бірімен танысты.

Шешім: Балабақша өткізілетін шараларға ата-наларды берсенді қатысуын қамтамасыз етілуі қажет.

Тындалды: Балабақша дәрігері: Әбдіқадір Н. Сәлеметсіздер ме, ата – аналар! Қазіргі таңдағы болып жатқан карантиндік шектеулерге байланысты: ата-аналар міндетті түрде балаларды бетпердемен алып келулеріңіз керек және ата-аналарға балабақшаға кіруге тыйым салынады. Таңертеңгі уақытта балалардың дене қызуы міндетті түрде өлшеніп қабылданады. Таңғы және серуен уақыттарында балалардың қолдары антибактериялдық құралдармен залалсыздандырылады. Балаларыңызға мұқият болыңыздар, денсаулығына мән беріңіздер. Алдын алу шараларын үнемі жасаңыздар, өздеріңіз де ауырманыңдар. Егер де балаларыңыз ауырған жағдайда балабақшаға алып келмеңіздер, басқа балаларға жұқтыруымыз мүмкін. Балабақшамызда күз айларына арнап сауықтыру шаралары жүргізіледі.

Шешім: Балаларға күнделікті күн тәртібінде, дәрумендер, иодамарин мен оттегі берілетіндігі туарлық ақпарат беру. Ата –аналарға электронды түрде ас мәзірі жіберілсін.

Тындалды: Тәрбиеші: Ширынхнова Г.

2022-2023 оқу жылының өзгерістеріне тоқталды. Барлық қосымша мамандар өздері жылдық жоспарымен таныстырды. Жұмыс жасау кестесімен де таныстырды. Алда келе жатқан «Алтын күз» ертеңгілігіне төтенше жағдайларға байланысты ата-аналарға қатысуына рұқсат берілмейді. Сіздерге ертеңгілік барысы видеомен түсіріліп жіберіледі. Балабақшаның тәртіптерін сақтаңыздар.

Шешім: Ата-ана комитетінің төрайымы болып: Балнұр апай сайланды. Ата-аналар балабақша ұжымына алғыс айтып, рахметтерін білдірді.

Топ тәрбиешісі: Тоғызбаева Ж.

Хатшы: Сұлтанова К.

